

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.2, Ч.1 - С. 87-89

НҮР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ "ҰЛТТЫҚ САРАПТАУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ ОРТАЛЫҒЫ" АҚ ЖАҒДАЙЫНДА НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАМАНЫҢ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС ҚОЙ ЖҮНІНЕН ЖАСАЛҒАН БҰЙЫМДАРДЫҢ САПАСЫН АНЫҚТАУ

Искакова К.Р.,
Нұрланқызы Ж.

Қой жүні - қой қыркудан алынған тоқыма талшығы. Ол әртүрлі климаттық жағдайларда жылы қанды жануарларды қорғау үшін миллиондаған жылдар бойына қалыптасқан және экологиялық таза, табиғи түрде жаңартылатын, толығымен биологиялық ыдырайтын материалдардың бірі болып келеді. Қой жүні киім, төсек-орын, үй тоқыма және аксессуарлар өндірісінде қолданылады. Төрт түлік малдың жүні қазақ халқының өмір тіршілігінде үлкен рөл атқарған және оны өндеуді ел бұдан мыңдаған жылдар бұрын білген. Қазақ халқының шаруашылығында мал жүнінің ең асылы және бұйымдар жасауға ең көп қолданатыны түйе және қой жүндері болып табылады [1].

Қой жүнінен жасалған көрпелердің ең маңызды артықшылықтары - олар жай ұйықтау кезінде дене қызуын ұстап тұруға арналған қарапайым бұйымдар емес, жүн жамылғысы денсаулыққа пайдалы және бұл факт ғылыммен дәлелденген. Бүгінгі күні дәрігерлердің өзі мұндай өнімдердің айтарлықтай артықшылықтарын мойындайды. Талшықтардың өзі айтарлықтай көлемді, олар жұмсақтықта, ұзындықта және тығыздықта ерекшеленеді. Өндеуге қатысатын шикізаттың ең құнды түрлеріне түйе, қой, ангора ешкілері, топырақ және ламалар жатады. Әрбір жануар әртүрлі мөлшерде шикізат береді, бұл дайын көрпенің құнына әсер етеді.

Көрпелер ГОСТ 9382-2014 «Таза жүннен, жүннен және жартылай жүннен жасалған көрпе. Жалпы техникалық шарттар» стандартымен және белгіленген тәртіппен бекітілген әрбір артикул үшін техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес әзірленуі тиіс. Бұйымдар өндірістің үлгілік технологиялық режимдеріне және басқа да технологиялық құжаттамаға сәйкес дайындалуы тиіс. Қолданылатын шикізат түрі бойынша көрпелер таза жүн, жүн және жартылай жүн болып бөлінеді[2].

Шикізат пен материалдарға қойылатын талаптар:

- таза жүнге жүн талшығының кондициялық массалық үлесі кемінде 95% болуы тиіс бұйымдар жатады.

- жүн талшығының кондициялық массалық үлесі кемінде 70% болуы тиіс бұйымдар жүн талшығына жатады.

- жартылай жүнге жүн талшығының кондициялық массалық үлесі кемінде 20% болуы тиіс бұйымдар жатады.

- бұйымдар пайдаланушының денсаулығы үшін қауіпсіз материалдар мен шикізаттан дайындалуы тиіс.

- көрпе жасау үшін қолданылатын шикізат елде қолданыстағы мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормативтердің талаптарына сәйкес келуі керек.

Қой жүнінің адамзат пайдаланылуы саны мыңжылдық, иіру, тоқымашылық - ең көне қолөнерлердің бірі. Аяқ киімдер, көшпелі тайпалардың киіз үйлері сияқты бұйымдар бізге белгілі. Қой шаруашылығы әрдайым әлемдік өнімді мал шаруашылығының маңызды саласы болып келді және болып қала береді, сонымен қатар әлем халқын азық-түлік пен шикізатпен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Бүгінгі таңда жүннің көп бөлігі киімге арналған жұмсақ маталарға және тоқылған матаға арналған иірілген жіптерге айналады. Қалғаны жемпір, шұлық, көрпе, кілем және төсеніш өндірісінде қолданылады.

Нұр-Сұлтан қаласындағы "Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы" АҚ жағдайында физика-механикалық және химиялық көрсеткіштері бойынша көрпелер 1-кестеде көрсетілген нормаларға сәйкес келуін тексердім.

Кесте-1 Көрпелердің физика-механикалық және химиялық көрсеткіштері

Көрсеткіш атауы	Орталықта тексерілген бұйым	Норма
Беткі тығыздығы, г/ м ² , артық емес	815	880
Мөлшері 50x100 мм көрпе жолағының жыртылатын жүктемесі, Н, кем емес:		
ұзындығы	260	245
ені	162	147
Мөлшері 50x100 мм көрпе жолағы үзілген кезде ұзару, %, кем емес:		
ұзындығы	10	7
ені	16	10
Қалдық майдың массалық үлесі,%, артық емес	2,5	2,5
Түктің тозуға төзімділігі, циклдар, кем емес:		
Таза жүн және жүн	1400	1200
Жартылай жүн	1200	1000
Түктің оралуы, көрпе үшін 1 см ² -қа арналған өрімдердің саны, артық емес:		
Таза жүн және жүн	5	5
Жартылай жүн	6	7

Нәтижесінде, Нұр-Сұлтан қаласындағы "Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы" АҚ жағдайында қой жүнінен жасалған көрпелердің

физика-механикалық және химиялық көрсеткіштері стандартта көрсетілген барлық нормаларға сәйкес келді. Бұйымдар пайдаланушының денсаулығы үшін қауіпсіз материалдар мен шикізаттан дайындалады, және көрпе жасау үшін қолданылатын шикізат мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормативтердің талаптарына сәйкес келеді [3].

Қазақстан экономикасының аграрлық секторы мемлекет дамуының ресурстық әлеуеті болып табылады. Қой шаруашылығы саласы мал шаруашылығында өнеркәсіпті өңдеуге арналған шикізат пен материалдармен, халықтың қажеттіліктерін, азық-түлікпен қамтамсыз етуде, сондай-ақ халықаралық нарықта сату үшін дайын бәсекеге қабілетті өнім өндіруде жетекші рөл атқарады. Сол себептен қой жүнінен жасалған бұйымдарға көңіл көп бөлу қажет. Қой жүнінен жасалған бұйымдарды экспортқа шығару үшін, оның сапасын нормативті құжаттарға сәйкес екенін анықтау қажет [4].

Әдебиеттер тізімі

1. Сәбденов Қ. С., Құлатаев Б. Т., Исламов Е. И., Абдуллаев М., Бексейітов Т. К.; - Павлодар, 2010 . Қой шаруашылығы - 467 б.
2. ГОСТ 9382-2014 «Таза жүннен, жүннен және жартылай жүннен жасалған көрпе. Жалпы техникалық шарттар»
3. Иванов М.Ф. «Пути развития овцеводства», -1994. -445 б.
4. Nurlankyzy Zh., Shulenbayeva F., Rustembayev B., Ainakanova B., Kazkenova A. The Basic Tendencies of the Agricultural Sector of Kazakhstan's Economy in the Sheep Industry // *Journal Revista Espacios*, Vol.38 (№44) Ano2017, Pag.33